«8D02209 –Шығыстану» ББББ бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін

Монтанай Элмира Әзімбайқызының

«Қазақ және түрік этностарының ұлттық киім дискурсын қалыптастырудағы лингвомәдени компоненттер»

тақырыбындағы диссертациясына

АҢДАТПА

Зерттеу өзектілігі. Әр ұлт үшін мәдениетінің ұрпақтан ұрпаққа сақталып жалғасуы, ұлттық бірегейлікті қалпында сақтап, барынша жаңғыртып отыруы табиғи болмысының өміршеңдігінің негізгі шарты болып табылады. Ал киім-кешек мәдениетіміздің салтанатты сыртқы көрінісін белгілеп, рухани және материалдық ерекшеліктерімізді айқындайды. Ұлттық киім артефакт тұрғысында халықтың тәуелсіздігін айқындап қана қоймай, осы тәуелсіздікке қол жеткізу тарихының көрінісі іспеттес.

Ұлттық мәдениетті тану, таныту артефакт болған мәдениет элементтерін жаңғыртып, қолданысқа салудан басталады. Сондықтан ел басшысы ұлттық киім күнін белгілеп, мерекелі жиын-тойларда киіп жүріп, дәріптеуге ат салысуды әр қазақ азаматына жүктеді: «Себебі ұлттық киім бұл – біздің бірегей ұлттық болмысымыздың маңызды көрінісі»[1].

Қазақтың ұлттық киімдерінің көпшілігі түркілік дәуірден бастау алып, көшпелі өмір салтына бейімделе отырып, атадан балаға жалғасып келе жатқан мәдени мұраға айналды. Киімнің әр компоненті тек тұрмыстық зат емес, тұтас этностың тарихи-мәдени дамуын, болмысын, дүниетанымын айқындайтын мағыналық мәтін ретінде қалыптасты. Ол – атауы мен формасы арқылы халық ділін танытатын семиотикалық және лингвомәдени объект.

Ұлттық киімге қатысты ұғымдардың дискурсы лингвомәдени компоненттер арқылы ашылып, ұлттың дүниені тіл және мәдениет тұрғысынан қабылдау ерекшеліктерін тануға мүмкіндік береді. Киім атаулары мен олармен байланысты фразеологизмдер, мақал-мәтелдер – ұлттың ұжымдық жадын сақтайтын лингвокультуремалар. Бұл бірліктер дискурс кеңістігінде кеңейіп, мәдени концептілер арқылы ұлттық кодтың мәнін ашуға ықпал етеді.

Ұлттық киім әлемнің тілдік және мәдени бейнесін қалыптастыратын лингвомәдени жүйенің ажырамас бөлігі. Киім атауларының символдық мәні ұлттық сана, құндылық, бірегейлікпен тығыз байланысты. Осы тұрғыда қазақ пен түрік этностарының киім атауларын салыстыра зерттеу арқылы номинациялық үдеріс, этимология, тілдік-мәдени трансформация және ұлттық болмыс факторлары айқындалады. Қазақ пен түрік халықтарының ұлт ретінде қалыптасуындағы тілдік және мәдени өзара байланыстарды, сондай-ақ олардың ұлттық дүниетанымын сипаттайтын киім дискурсы арқылы ортақ әрі айырма белгілерін анықтаумен жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Ұлттық киім дискурсын зерттеу барысында оның атауларына байланысты идеялар, ұлттық бірегейлік пен дүниетанымды бейнелейтін образдар анықталады. Артефакт ретінде ұлттық киім – тек шығармашылық

өнім емес, сонымен қатар ұлттық мәдени кодтың тасымалдаушысы. Бұл код әр компоненттің атауы арқылы көрініс тауып, дискурстық талдау арқылы киімнің коммуникативтік сипаты мен концепт деңгейіне өту жолын ашуға мүмкіндік береді.

Ұғым мен атау арасындағы байланыс, сөздің символға айналу уәжі, денотациялық және коннотациялық мағынасының дамуы – лексикологиядағы өзекті мәселелердің бірі. Осы тұрғыда ұлттық киімді лингвомәдениеттану негізінде қарастыру ұлттың тарихи, тілдік, мәдени болмысын түсінуге жол ашады.

Зерттеудің өзектілігінің тағы бір қыры – қазақ және түрік тілдеріндегі киім атауларын лингвомәдени тұрғыда салыстырмалы түрде талдауға арналған ғылыми еңбектердің аздығы, сондай-ақ екі халықтың ұлт ретінде қалыптасуындағы ортақ және ерекше белгілерін ұлттық киім дискурсы арқылы зерделеу қажеттілігімен анықталады.

Отандық және шетелдік тіл білімінде киім атауларына қатысты зерттеулер жеткілікті болғанымен, олар көбіне этимологиялық, номинациялық және мәдени-технологиялық аспектілерде қарастырылады. Қазақ және түрік ғылымында ұлттық киімдер көбіне салыстырмалы сипатта зерттеледі: қазақ киім атаулары бойынша еңбектер лексика-семантикалық мазмұн мен атау типтерін, ал түрік зерттеулері сипаттамалық және этимологиялық қырларды қамтиды. Дегенмен, қазақ пен түрік халықтарының киім атаулары арқылы дүниетанымдық жүйесін және ұлттық болмысын лингвомәдени тұрғыда ашуға бағытталған кешенді зерттеулер қазіргі таңда жеткіліксіз. Бұл бағыттағы зерттеудің қажеттілігі, бір жағынан, XX ғасырдан бері жаһандану мен технологиялық өзгерістерге байланысты ұлттық өмір салты мен төл мәдениеттің әлсіреу қаупінен туындаған. Соның нәтижесінде ұлттық киім мен оның атауларына деген қызығушылық артып, оларды тілдік бірлік ретінде қарастыру маңызды бола түсті. Екіншіден, түркі халықтарының ұлттану үдерісінде қалыптасқан қазақ және түрік мәдениеттерін киім-кешек артефактілері арқылы дискурстық тұрғыда зерттеу, олардың ұлттық сипат пен тарихи дамудағы ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. Үшіншіден, қазақ және түрік этностарының дүниетанымдық категорияларын, концептосферасын және мәдени константаларын лингвомәдени аспектіде зерттеу – ұлттық ерекшеліктерді жаңа қырынан тануға жол ашады.

Диссертациялық зерттеудің нысаны: қазақ және түрік халықтарының ұлттық киімдерін құраушы компоненттері мен олардың атаулары.

Зерттеу пәні: қазақ және түрік этностарының ұлттық киімдерінің дискурсын тануға мүмкіндік беретін лингвомәдени компоненттерінің мән-мазмұны, құрылымы, қолданысы, этимологиясы, олардың концепттік деңгейге көтерілу жағдайлары және артефакт тұрғысында киімнің материалдық және идеялық қатынасынан туған ақпараттың ұлттық кодты белгілеудегі рөлі.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Зерттеудің мақсаты: Қазақ және түрік этностарының ұлттық киіміне қатысты дискурсын қалыптастырушы лингвомәдени компоненттерді

лингвомәдениеттану және этнолингвистикалық тұрғыдан қарастырып зерттеу, олардың ұлттық болмысты ерекшелейтін мән-мазмұнын анықтау.

Зерттеудің міндеттері:

- Киімді мәдени объект ретінде қарастырып, идеялық мән-мазмұнын үш деңгейлік артефакт тұрғысында анықтай отырып, номинация, дискурсқа қатысты теориялар негізінде талдау ұстанымдарын белгілеу;
- Қазақ және түрік ұлттық киімдерінің қалыптасуына ықпал еткен кезеңдер мен реформаларға шолу жасай келе, киім-кешекті зерттеу аспектілерін көрсете отырып, жүргізілген талдау жұмыстарының бағыттарын анықтау;
- Киім компоненттерінің мифологемасын анықтап, қазақ және түрік халықтарының ұлттық сипатын көрсететін культурема мен лингвокультуремаларға дискурс қалыптастырушы компоненттер тұрғысында сипаттама беру;
- Түбірі бір қазақ және түрік этностарына ортақ мақал-мәтелдердегі киім атауларының көрінісін, концептілері мен символдық табиғатын анықтай отырып, айырмашылықтар негізінде ортақ емес мақал-мәтелдердің туындау себептерін анықтау;
- Идиомалардағы киім атауларының мәні мен коннотацияларын қарастырып, қазақ және түрік тіліндегі қолданыс ерекшеліктерін салыстыра отырып талдау жасау;
- Салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардағы киімнің символдық функциясын айқындай отырып, ұлттық код тұрғысында қарастырып, екі халықтың дүниетанымын, ділін қалыптастырудағы ұлттық киім-кешектің орны мен мәнін айқындау;
- Этникалық киімдердің локальдық ерекшеліктерін көрсетіп, қазіргі замандағы киім дискурсын қалыптастырушы компоненттердегі ұлттық нақыш көріністерін анықтау, жаңғыру идеялардың уәждемесін зерделеу.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін отандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми концепциялары құрайды. Тақырыптың пәнаралық сипатына байланысты ұлттық киім дискурсы және оның компоненттеріне қатысты тұжырымдар лингвомәдениеттану, этнолингвистика, семиотика, этимология, ономасиология, антропология, психология сияқты салаларындағы зерттеулер негізінде жасалды. Антропологиялық, мәдени-психологиялық тұрғыда артефакт теорияларын негіздеуге атсалысқан М.Коул, артефактінің мәнін, құрылымын интерпретациямен тануды ұсынған К.Гирц , К.Леви-Строс, т.б. зерттеушілердің еңбектері басшылыққа алынды. Мәдениеттің таным мен әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырудағы рөлін қарастырған А.Р.Лурия, сынды ғалымдардың концепциялары негізге алынды. Лингвомәдениеттану саласында В.В.Воробьев, В.А. Маслованың зерттеулеріндегі мәдениет пен тіл қатынасынан туындайтын концептілермен байланысты тұжырымдарға сүйене отырып, киім дискурсы лингвомәдени компоненттердің негізінде қалыптаса отырып, мәдени лексика, атау тұрғысында халық ділінде орын алатыны анықталды. В.Н.Телияның дискурс қалыптастырушы атауларды лингвомәдени аспектіде қарастырып, тілді

мәдени код, символ, дискурсивті стратегиялар қазынасы деген тұжырымдары негізге алынды. А.А.Уфимцеваның әлемді тану сөз бен концептілер арқылы танылатынын тұжырымдаған теориялық-әдіснамалық еңбектері басшылыққа алынды. Отандық ғылымда этнолингвистика саласын дамытқан Ә.Т.Қайдардың іргелі зерттеулері, мәдени лексиканың ұлттық сипатын анықтауға арналған Ж.А. Манкееваның, Р.Сыздықтың, А. Салқынбай теориялық тұжырымдары тақырыпты ашуға арқау болды. Сондай-ақ тіл мен мәдениет байланысын қарастыру зерттеулерін жүргізген С.Кенжеахметұлы, Ә. Тауұлының еңбектерінің үлесі зор сонымен қатар түрік тілінде киімге қатысты зерттеу жүргізген Д.Аксан, О.Чобаноглу, А.Коч, Р.Е.Кочу, Б.Гуленсой, киімді фольклордық тұрғыдан зерттеген Ө. Чобаноглу, Ф. Темизюрек, И.Шенесен. түрік киімінің қалыптасуын зерттеген С. Түркоглу. , Ф.Коч, А.Коч, Е.Коса. С.Айдын. Н. Ертюрк,И. Фатих У.Дурмаз этномәдени тұрғыдан зерттеген А. Артун, М. Шакир Улташыр, П. Боратов. М. Өздер. Г. Караман сынды ғалымдардың еңбектері негізге алынды. .

Зерттеу жұмысының әдістері: Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс, мәдени-этнографиялық әдіс, лингвистикалық әдіс, дискурстық талдау әдісі қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс арқылы қазақ және түрік ұлттық киім атауларының шығу тегі мен тарихи дамуы қарастырылады. Мәдени-этнографиялық әдіс киім атауларының этнографиялық мәнін талдауға бағытталған. Лингвистикалық әдіс киім атауларының мағыналық құрылымын және лингвомәдени компоненттерін зерттеуге көмектеседі. Дискурстық талдау әдісі негізінде концептілердің қалыптасу жолдары зерделенеді. Зерттеу жұмысының эмпирикалық негізін арнайы жүргізілген сауалнама мен нәтижелері құрайды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы

Диссертациялық зерттеудің нәтижесінде мынадай ғылыми жаңалықтар ұсынылды:

- Қазақ және түрік халықтарының ұлттық киімдері қазақ ғылымында алғаш лингвомәдениеттану тұрғысында қарастырылып, артефактілердің идеялық аспектісі негізінде талданды;
- Қазақ және түрік киімдерінің ұлттық сипатын белгілеуші мәдени объектілердің мифологемасы анықталып, оның тілдік көрінісі болған атау-сөз культурема, лингвокультурема тұрғысында қарастырылды;
- Ұлттық кодты құрайтын культурема күнделікті қолданыстан шықса да, лингвокультурема тұрғысында халықтың ойлау, таным, тіл жүйесінде белсенді функция атқарады;
- Қазақ және түрік этностарының киім үлгілерін салыстырмалы қарастыруда, сыртқы факторлардың ықпалы көбірек болған сайын оның локальдық ерекшелігі негізінде түрлерінің де көбейе түсетіні анықталды;
- Ұлттық киім дискурсын қалыптастырушы компоненттердің концептілік мәні мақал - мәтелдер мен идиомалармен анықталды;
- Киім дискурсының қалыптасуын негіздейтін компоненттердің салт-дәстүр, әдет-ғұрыптармен байланысы лингвомәдени тұрғыдан зерделеніп,

өзара қатынас негізінде туындаған концептілер ұлттық бірегейлікті анықтайды.

Қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары:

Қазақ және түрік тілдеріндегі ұлттық киім атаулары – этностардың тарихи-мәдени, әлеуметтік және рухани болмысын танытатын маңызды лингвомәдени компоненттер болып табылады.

- Ұлттық киім халық бірегейлігінің сырт көрінісі тұрғысындағы бірінші көрсеткіші болып табылады;
- Артефакт болып табылатын киім мәтін тұрғысында халық болмысынан ақпарат беретін дереккөздік қасиеті оның коннотацияларында көрініс береді;
- Ұлттық киім компоненттерінің функциялары дискурсқа қатысты өзгеріске түсіп отырады;
- Ұлттық киім – халықтың қоршаған ортамен болған диалогының нәтижесі;
- Ұлттық киімнің қоршаған ортаға бейімделу салдарынан қолданыстан шыққан компонентін алмастыру оның функциясына негізделеді;
- Ұлттық киім атауларының сакральды мәні оның дискурсымен анықталады;
- Дүние жүзіндегі әскери киім компоненттері салт аттылар өркениетімен байланысты туындап, этимологиясы, дискурсивті формациялары, функциялары түркі дүниесіне қатысты.
- Ұлттық киімнің кейбір компоненттері қолданыстан шыққанымен, ономасиологиялық тұрғыда сөздік қордың негізгі статикалық базасын құрайды;
- Қазіргі заманда этникалық киімнің халық болмысын танытатын элементтері ұлттық рух беру қасиеті негізінде ұлттық киім моделін, жиынтығын тұтасымен көрсете алады.

Зерттеудің жұмысының талқылануы мен мақұлдануы

Диссертациялық жұмыстың ғылыми тұжырымдары мен нәтижелері әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шығыстану факультеті Түріктану және шығыс елдерінің тарихы кафедрасының отырысында талқыланды. Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда, барлығы 6 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Оның ішінде 4 мақаласы ҚР Білім және Ғылым саласындағы сапаны қадағалау комитетінің тізіміне енген басылымдарда жарық көріп, халықаралық ғылыми- пратикалық, республикалық конференция материалдарында 1 мақала жарияланған. «Scopus» ғылыми басылымдар дерекқорында индекстелген шетелдік басылымда -1 мақала жарық көрді.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.